

«Индустриалды-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бос орынға (вакансия) конкурс жариялайды:

Мекеменің мекен-жайы

Шымкент қаласы, Гагарин көш.,121

Телефон

87252 35-08-84

Электрондық пошта

proflicey_3@mail.ru

Қызметі

Өндірістік оқыту шебері

Оқыту тілі

Қазақша/орысша

Жұмыспен қамту түрі

Тұрақты

Штат бірлігінің саны

1

Еңбек ақы төлеу мөлшері 135 мың теңге (орташа)

Біліктілікке қойылатын талаптар:

1304000- Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері. Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім жұмыс өтіліне талап қойылмайды; және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебердің мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл; және (немесе) біліктілігінің орта және жоғары деңгейі болған кезде: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл; педагог- сарапшы үшін кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл.

Қажетті құжаттар

- 1) Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
- 3) Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (075 форма) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- 7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).
- 10) Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтері (болған жағдайда)

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау proflicey_3@mail.ru электрондық поштаға жеті жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Конкурс қорытындысы бойынша шешімді конкурстық комиссия қабылдайды.